

Handwritten signature

«АйКүн» бөбекжай балабақшасының
Ортаңғы тобына арналған
«2024-2025 оқу жылына арналған жиналысы»

Тәрбиеші: Бердонғарова А.Ж.

Ақтөбе 2024ж

2024–2025 жаңа оқу жылына арналған ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы – жаңа белестер»

Тобы: Ортаңғы топ

Тәрбиеші: Бердонғарова А.Ж.

Мақсаты: Ата-аналарды 2024–2025 жаңа оқу жылындағы білім беру-тәрбие жұмысының мақсат-міндеттерімен таныстыру, балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балалардың жан-жақты дамуына бірлесіп жағдай жасау.

Міндеттері:

- * Ата-аналарды оқу жылының жоспарымен және күн тәртібімен таныстыру;
- * Ортаңғы топтағы балалардың жас ерекшеліктері туралы ақпарат беру;
- * Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы және тәртібі жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- * Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатысуға шақыру;
- * Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы өзара сенім мен серіктестік қарым-қатынасты қалыптастыру.

Жиналыс барысы

1. Кіріспе сөз

Қайырлы кеш, құрметті ата-аналар! Сіздерді жаңа 2024–2025 оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз. Балаларымыздың білім алып, тәрбиелену жолында бірге еңбек етіп, табысты нәтижелерге жетеміз деп сенеміз.

2. Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылындағы жұмыс жоспары.
2. Ортаңғы топ балаларының жас ерекшеліктері.
3. Күн тәртібі, оқу қызметі және үйірме жұмыстары.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.
6. Сұрақ-жауап.

3. Негізгі бөлім

- * Тәрбиеші оқу жылының мақсаттары мен жоспарланған іс-шаралар туралы таныстырады.
- * Балалардың күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметтері, мерекелер мен жобалар туралы ақпарат береді.
- * Балабақша талаптары: уақытылы келу, медициналық анықтамалар, киім үлгісі, қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі.
- * Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері тыңдалады.

4. Ата-аналар комитетін сайлау

Төраға және комитет мүшелері сайланып, алдағы жұмыстар талқыланады.

5. Қорытынды сөз

Құрметті ата-аналар! Баланың жан-жақты дамуы – отбасы мен балабақшаның бірлескен еңбегінің нәтижесі. Бір-бірімізді қолдап, тығыз байланыста жұмыс істесек, балаларымыздың жетістігі арта түседі. Жаңа оқу жылы баршаңызға сәттілік, отбастарыңызға амандық, балаларымызға зор денсаулық пен мол жетістік әкелсін!

Шешімі:

- * 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

- * Балалардың қауіпсіздігі мен тәртібіне ата-аналар тұрақты бақылау жүргізсін.
- * Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.
- * Ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.

